

**«Мамандық таңдаудың маңызы» тақырыбында өткен
ата – аналар жиналысы туралы ақпарат
2018 – 2019 оқу жылы**

Кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүзеге асыруға бағытталған «Мамандық таңдаудың маңызы» тақырыбында №7 ЖОБББММ мектебінде 2018 жылдың 16 қараша күні ата – аналар жиналысы өтті. Жиналыс 9шы және 11 сынып оқушыларының ата – аналарымен өткізілді. Жиналыста «Баланың мамандық таңдау мәселесіндегі ата-ананың рөлі» тақырыбында баяндама оқылды. Баяндамада мамандық таңдаудағы балаға көмек көрсету жолдары, түлектер арасында ең танымал мамандықтар, қазіргі заманның табысты мамандары, болашақтың табысты мамандары туралы ата – аналарға ақпарат берілді.

Мектеп психологі Ж. Касимова «Мамандық таңдай білесіз бе?» тақырыбында ата-аналармен тренинг өткізді. Тренингке ата – аналар белсенді қатысып, мамандақ таңдау мәселесіне байланысты өз ойларын ортаға салды, пікір алысты, сауалнама алынды. Сонымен қатар мектеп психологі Жанна Айтқалиқызы мамандықты дұрыс таңдау және балаларына көмек көрсетуге арналған төмендегідей психологиялық кеңестер берді.

Атап айтсақ:

«Кәсіп таңдау-тек қана болашаққа үңілу емес, ол өзіңнің ішкі жан-дүниеге үңілу...»

Бірге отырып таңдау жасалған кәсіптің «пайдалы» және «пайдасыз» жақтарын қарастырыңыз.

Болашақ мамандық таңдауда баланың да пікірін ескеріңіз.

Мамандықты таңдағанда қаржылық жағын ескере бермей, моралдік жағына да көңіл бөліңіз.

Мамандық таңдауда балаға қысым көрсетпеңіз, әйтпесе ол келіспеушілікке әкелуі мүмкін.

Бала арманының орындалуына барын салып ынталанса, оған сүйеніш болыңыз.

Егер балаңыз таңдауда қателессе,оны жазғырмаңыз. Қатені түзетуге болады.

Егер балаңыздың қандай да бір кәсіпке қызығушылығы ерте ояна бастаса, оны үйірмелерге беріп, әдебиеттермен білімділігін қолдап отырыңыз.

Есіңізде ұстаңыз, кәмелетке толған, өзінің таңдауына жауап бере алатын адам, ақырғы шешімді баланың өзі жасауы керек!

Ата – аналар жиналысында мамандық таңдаудың маңызы туралы жан – жақты айтылды. Жиналыс соңында ата – аналар алғыстарын білдірді.

